# НОВАТОР

7 сәуір
2023 жыл
ЖҰМА
№7 (4521)

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

# АМӨЗ–дің өндірістік активтері қайтарылды



**Қазақстан Республикасының экономикасын монополиясыздандыру жөніндегі комиссияның 2022 жылғы 29 желтоқсандағы шешіміне сәйкес Атырау МӨЗ бұрын аутсорсингке берілген техникалық сервис функцияларын өз қызметіне қайтару жұмыстарын бастады.**

Осыған орай «АМӨЗ» ЖШС-де сервистік компаниялардың функцияларын зауыт қызметіне бір қалыпты көшіру шараларын жүзеге асыру үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдерімен бірлескен жұмыс тобы құрылды.

2023 жылдың 1 наурызынан бастап Атырау МӨЗ-дің құрамына технологиялық және динамикалық жабдықтардың, металл конструкциялары мен ғимараттардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету (жөндеу-механикалық цех), электр жабдықтары мен электр желілерінің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету (электр цехы), бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету (бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика цехы) және жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеу (жобалау-конструкциялау орталығы) бойынша зауыттың технологиялық процестеріне қатысқан цехтар қайтарылды.

Атырау мұнай өндеу зауытының құрамына қосылған қызметкерлердің жалпы саны 650-ден астам.

Ақпараттық қауіпсіздік маңыздылығы

2

О всеобщем налоговом декларировании

3

ЖОБА

# АМӨЗ–де механикалық тазарту қондырғыларын жаңғыртудың I кезеңі аяқталды

**Атырау мұнай өңдеу зауытында Tazalyq жобасы аясындағы жабық типтегі ағынды суларды механикалық тазарту қондырғыларын жаңғыртудың I кезеңі аяқталды. АМӨЗ-дің қоғамдық экологиялық кеңесінің мүшелері құрылыс жұмыстарының нәтижелері және II кезеңнің жүру барысымен танысты.**



Жаңғыртудың I кезеңінде иістердің көзі саналатын ашық бассейндер, атап айтқанда, жалпы ауданы 4 752м² құрайтын қосымша тұнба тоғандары мен ескі мұнайбөлгішті демонтаждау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ механикалық сусыздандыру ғимараты, мұнай шламдарына арналған резервуарлар, екі сорғы станциясы, құм ұстағышы бар тұндырғыш, трансформаторлық қосалқы станция және көбікпен сөндіру блогы салынды.

Жабық типтегі механикалық тазарту қондырғыларының құрылысы аясында ағынды суларды сапалы тазартуды қамтамасыз ететін және зиянды заттардың атмосфераға таралуын толығымен жоюға мүмкіндік беретін заманауи технологиялық процестер мен шығарындыларды бақылау жүйесі енгізілді.

Жаңғыртылған механикалық тазарту қондырғылары іске қосылған соң ағынды суларды шығындау және биологиялық тазарту қондырғысындағы (БТҚ) ластаушы заттардың мөлшері мен мұнай шламдарын өңдеу процесі тұрақталды, өңдеуге кері қайтарылатын тауарлық мұнай өнімдерінің көлемі ұлғайтылды.

**Қанат САҒЫЗБАЕВ сумен қамту және су тарту обьектісінің басшысы**:

– *Қазіргі таңда механикалық тазарту қондырғысының I кезеңі іске қосылып, жұмыс істеп тұр. Механикалық тазарту қондырғысының II кезеңі бойынша құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде механикалық тазарту қондырғыларын жаңғыртудың II кезеңі шеңберінде ағынды суларды орташалау және флотация блоктарын салу жұмыстары жалғасуда. Аталған нысандарды іске қосу жылдың соңына жоспарланып отыр. Механикалық тазарту қондырғысының өнімділігі сағатына 1 000 текше метрді құрайды. Жалпы аталмыш қондырғыға бүкіл зауыттың сарқынды сулары құйылады. Бұл сарқынды сулар механикалық әдіспен, содан соң биологиялық әдіспен тазартылады. Атап өтерлігі, биологиялық тазарту қондырғысының биологиялық әдісінде өсірілетін микроорганизмдер мұнай қалдықтарымен қоректеніп, судың құрамындағы қалдықтарды азайтады. Бұл процестерден өткен соң булану алаңына жіберіледі. Екінші кезең аяқталған соң жылдың соңында тазартылған судың 15%-ын қайтадан өндіріске қайтару жоспарда бар. Біздің лимитке сәйкес Жайықтан жылына 11 млн текше метр суды пайдалануға болады. Қазір 8 млн текше метр суды пайдаланудамыз. Тазалық жобасы Еуропалық қайта құру және даму банкінің (ЕҚДБ) қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылуда. Яғни тазалық жобасына 80 млн доллар тиесілі. Бұл несие желісі болып есептеледі. Оның ішінен 15 млрд қаражат механикалық тазарту қондырғысына жұмсалуда. Булану алаңына 5 млрд қаражат есептелген. Ал 14 млрд биологиялық тазарту қондырғысына бөлініп тұр.*

Еске сала кетейік, Атырау мұнай өңдеу зауыты 2019 жылдан бері қаланың экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған Tazalyq жобасын жүзеге асыруда. Жоба аясында механикалық тазарту қондырғыларын жаңғыртудан бөлек, нормативтік-тазартылған ағынды су каналын реконструкциялау және булану алқаптарының бір бөлігін рекультивациялау жұмыстары қарастырылған. Экожоба толықтай 2023 жылдың соңында аяқталады деп жоспарланған.

МАҢЫЗДЫ

# Ақпараттық қауіпсіздік маңыздылығы

**ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің ақпараттық қауіпсіздік комитеті халықтың ақпараттық қауіпсіздікке (киберқауіпсіздікке) төнетін қатерлер туралы хабары болу үшін жыл сайын социологиялық зерттеу жүргізеді.**

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде 2022 жылы халықтың киберқауіпсіздік мәселелері бойынша хабардарлығы 77,4% құрады. Бұл қазіргі таңда ақпараттық қауіпсіздік қатері Қазақстандағы өзекті мәселе екенін білдіреді. Осыған байланысты **«АМӨЗ» ЖШС ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі маманы Асет ТЮЛЕБАЕВ** қажетті мағлұматпен бөлісті.

– *Зиянды бағдарламалар көбінесе электронды пошта, ақпараттық тасығыштар (флеш жинақтауыштар), белгісіз сайттардан файлдарды жүктеу кезінде компьютерге енеді. Мұндай жағдайларды болдырмас үшін белгісіз ресурстардан жіберілген электронды пошта тіркемелерін ашпай, компьютерге белгісіз флэш, USB жинақтауыштарды қоспау қажет. Сізге таныс емес пайдаланушылардан файлдарды, әсіресе EXE, COM, CMD кеңейтімі бар файлдарды қабылдау қауіпті. Сондай-ақ интернет қауіпсіздік ережелерін сақтау маңызды. Төлқұжат пен өзге де маңызды құжаттардың скандарын дереу жойыңыз. WI-FI және Bluetooth қолданбаған кезде оны өшіріңіз. Бұл ақпараттық қауіпсіздікті арттырады. Тегін, жеңілдік, тіркеусіз жүктеу сынды жарнамаларға алданып қалмаңыз. Әлеуметтік желіде өзіңіз туралы ақпаратпен бөліспеңіз. Себебі сіздің ақпаратыңызды хакерлер пайда көру мақсатында пайдалануы мүмкін,* – деді ол.

Өнеркәсібіміздегі әр қызметкер киберқауіпсіздік бойынша ұсынымдарды білуге тиіс. Мысалы, құпия сөздің кем дегенде 8 таңбадан тұруын және тоқсан сайын жаңартылуын, жұмыс үстелінде сақталмауын, компьютердегі IP мекенжайын, логин мен құпия сөзді өзге тұлғаға хабарланбауын, компьютердің қараусыз ашық қалмауын ескеру қажет.




Сондай-ақ жоғарыда аталған социологиялық зерттеу нәтижесінде халықтың 45,1%-ы балаларды, жасөспірімдерді интернеттегі қажетсіз ақпараттан қорғаудың негізгі әдістерінен хабарсыз екендігі анықталды. Мәселен, ата-аналар балаларды олардың рұқсатынсыз компьютерге бағдарламаларды жүктемеуге үйрету қажет. Олар вирустарды немесе басқа қажетсіз бағдарламалық жасақтаманы кездейсоқ жүктеп алуы мүмкін. Ал жасөспірімдермен онлайн құмар ойындарының ықтимал қаупін және соның салдарынан туындайтын мәселелерді талқылау маңызды. Есіңізде болсын, балалардың мұндай ойындарды ойнауға заң бойынша құқықтары жоқ.

Бүгінгі таңда киберқауіпсіздік күллі әлем үшін аса маңызды мәселеге айналып отыр. Себебі, технология қарыштап дамыған сайын хакерлер тек жеке адамдардың деректеріне ғана емес, біздің зауытымыз сынды ірі компаниялар мен ресми органдардың сайттарына шабуыл жасауды көздейді. Сол себепті зауыттықтар аталмыш мәселелердің алдын алу үшін қауіпсіздік ережелерін сақтауға тиіс.

МЕРЕКЕ

# Зауыттықтар Наурыз мерекесін тойлады

**Зауыттықтар Наурыз мерекесін орталық Исатай – Махамбет алаңында атап өтті.**



Бұл күні зауыттың ақшаңқан киіз үйі құрылып зауыт атынан наурыз көже, бауырсақтар, қаламыздағы 1000 балаға сыйлықтар ұсынылып көпшілік халықтың көңілі қуанышқа бөленді.

Киіз үйде дастархан басына зауыттықтар, Кәсіподақ ұйымы, ардагерлер де жиналып, барша жамағатқа игі тілектерін жолдады. **Зауыттың бас директоры Мұрат ДОСМҰРАТОВ** әр отбасыға құт – береке, бақыт пен молшылық тіледі.

Сондай-ақ **Атырау облыс әкімі Серік ШАПКЕНОВ** зауыттың киіз үйін арнайы қонақтап, «Жаңа жыл құт-береке әкелсін! Ұлыс оң болсын!» деп тілек білдірді.

Айтулы мереке «Ләңгі», «Кір көтеру» ұлттық спорттық ойындарымен жалғасын тапты. Аталмыш ойындарға жергілікті тұрғындар қызығушылық танытып, белсенді атсалысты.

Кір көтеру ойынында 5 қала тұрғыны бағын сынады. Олардың арасынан **Айбол** есімді азамат кірді 70 мәрте бір қолмен көтеру арқылы жеңімпаз атанып, құны 20 000 тұратын сертификатты иеленді.

*– Менің алдымда Естай есімді жігіт кір тасын 60 рет көтерген болатын. Мен сол жігіттен асып түсуім керек болды. Әрине, ауырлықты сезіндім. Бірақ, күш-жігерімнің арқасында жеңіске жеттім. Ең біріншіден осындай дәстүрлі ойынды халық арасында ұйымдастырған Атырау мұнай өңдеу зауытына алғыс айтамын. Жыл сайын осындай шаралар жалғасын таба берсін,* – деді Айбол.

Ләңгі ойынында **Айбек** есімді қала тұрғыны ләңгіні 47 рет теуіп жеңіске жетіп, құны 20 000 тұратын сертификатты місе тұтты. Сондай-ақ ІІ орынды зауытымыздың электр цехының қызметкері **Асыланбек ҚАНАТАЕВ**, ІІІ орынды **Хадис** есімді қала тұрғыны жеңіп алды.

*– Бір қарағанда, атауы қызық ойынды бүгінгі бала білмейді. Осындай тамаша күні байырғы ұлттық ойындар ұлықталып жатырғанына қуаныштымын. Осындай ойынды дәріптеп, ұйымдастырып отырған Атырау мұнай зауытының басшылығына ризашылығымды білдіремін,* – деді Айбек.

Осынау ғажайып күні әнші **Ғалым ХАМЗАЕВТЫҢ** наурыз туралы әні шырқалып, «Сырғалым» би ансамблінің өнері тамашаланды. Зауытымыздың жас маманы **Жасқанат КЕМЕЛХАН** домбырамен күй шертті. Осылайша барлығы жақсы көңіл-күйде тарқасты.

НАЗНАЧЕНИЯ



Приказом генерального директора №94-к от 16.03.2023 первым заместителем генерального директора по производству – главным инженером ТОО «АНПЗ» назначен **Адилет ШОШАНБАСОВ**.



Приказом генерального директора №225-к от 1.03.2023 начальником электроцеха назначен **Эдуард ТАРАБРИН**.



Приказом генерального директора №91-к от 10.03.2023 исполняющим обязанности начальника производства ГПН назначен **Меирбек ГИЛАЖОВ**.



Приказом генерального директора №206-к от 1.03.2023 начальником проектно-конструкторского центра с 1.03.2023 назначен **Сергей ОВЧАРОВ**.



Приказом генерального директора №392-к от 1.03.2023 начальником цеха КИПиА назначен **Петр ШАМИН**.



Приказом генерального директора №82-к от 1.03.2023 начальником ремонтно-механического цеха назначен **Дмитрий ДИК**.

НАЛОГИ

# О всеобщем налоговом декларировании

**С января этого года сотрудники ТОО «АНПЗ», являясь работниками дочерней организации, входящей в группу компаний АО НК «КазМунайГаз», а также супруги работников завода, обязаны представлять в налоговые органы декларацию об активах и обязательствах – согласно всеобщему налоговому декларированию доходов и расходов.**

О подробностях декларирования рассказала **начальник отдела по учёту обязательств Гульжан КЕНЖЕГАЛИЕВА**.

В рамках Плана нации «100 конкретных шагов» в Казахстане проводится всеобщее декларирование доходов, которое позволит контролировать доходы и имущество физических лиц. Проводится оно в целях противодействия теневой экономике, для снижения уровня коррупции в госорганах. Декларирование позволит также увеличить поступления в бюджет индивидуального подоходного налога и повысить налоговую культуру налогоплательщиков страны.

*– Всеобщее декларирование в Казахстане проводится в 4 этапа. I этап стартовал в 2021-м году, коснулся он госслужащих и приравненных к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, а также их супругов. С января 2023 года начался II этап всеобщего декларирования, под который подпадаем наши супруги и мы, работники АНПЗ, являющегося дочерней компанией национального холдинга, т. е. субъектом квазигосударственного сектора, а также работники госучреждений и их супруги. До* ***15 июля на бумажном носителе*** *и не позднее* ***15 сентября в электронном виде*** *мы обязаны предоставить в налоговые органы декларацию об активах и обязательствах,* – говорит Гульжан Бактыгереевна.

И напоминает: к работникам госучреждений относятся работники школ, детсадов, больниц, поликлиник, врачи, педагоги – все, кто получает зарплату из бюджета. Если ваш супруг/супруга является работником госучреждения и уже задекларировал в этом году доходы и имущество, то повторно, как вашей второй половине, декларацию сдавать не нужно.



С 2024 года (III этап) декларировать доходы начнут руководители и учредители юридических фирм, индивидуальные предприниматели и их супруги, а уже IV этапом, с 2025 года – остальные категории граждан.

Если вы на 31 декабря 2022 года являлись совершеннолетним гражданином Казахстана, кандасом, лицом, имеющим вид на жительство, у которого есть имущество на территории Казахстана, доля в жилищном строительстве в Казахстане и за пределами РК, банковский счет в иностранных банках за пределами Казахстана, с суммой денег совокупно превышающей по всем банковским вкладам 1000-кратный размер МРП, различные задолженности, засвидетельствованные нотариально, то вы должны заполнить декларацию в управлении госдоходов по г. Атырау **(налоговая инспекция временно размещается по ул. Жалантос батыра (Гайдара), 2 А)** либо в ЦОНе. Для тех, кто с интернетом на «ты», подать декларация можно онлайн посредством **cabinet.salyk.kz**, **eSalyk mobile**, **egov.kz**, **eGov mobile**.

В **2023-м году** нужно заполнить форму **250.00**, это первоначальная декларация. В дальнейшем она станет обоснованием расходов при приобретении дорогостоящего имущества в будущем, т. е. посредством этой декларации подтверждается происхождение денег на будущие расходы. Если гражданин не сможет в последующем доказать происхождение денег на покупку дорогостоящего имущества, то он будет обязан уплатить в бюджет 10% от суммы приобретения (в части недоказанных источников денег).

**С 2024 года** и далее физлица будут представлять декларацию формы **270.00** – сведения о доходах, полученных за календарный год в том числе за пределами РК, об имуществе в нашей стране и за ее пределами, земучастках и/или долях, воздушных и морских судах, транспортных средствах, спецтехнике, ценных бумагах, инвестиционном золоте, объектах интеллектуальной собственности, авторского права, наличных не более 10 000 МРП и прочих благах.

Месячный расчетный показатель (МРП) на 31 декабря 2022 года 3 063 тенге;
1 000 МРП = 3 063 000 тенге;
10 000 МРП = 30 630 000 тенге.

*– Будьте аккуратны при заполнении формы,* – предупреждает Г. Кенжегалиева. *– Налоговая форма не будет считаться предоставленной, если она не соответствует установленным уполномоченным органом формам; не указан код налогового органа; не указан или неверно указан идентификационный номер налогоплательщика; не указан налоговый период или дата, на которую составляется декларация об активах и обязательствах; не указан вид налоговой отчетности; не подписана или не заверена печатью; заполненная вами декларация имеет статус «Отказ в обработке», а также если нарушены требования способа представления налоговой отчетности в случае продления срока.*

Гульжан Бактыгереевна напомнила о мерах административной и персональной ответственности: за непредставление в срок налоговой отчетности, представление неполных, недостоверных сведений в декларациях, согласно п. 1, 2-1 статьи 272 КоАП, грозит предупреждение. При повторном нарушении в течение года физлицу грозит штраф в размере 15 МРП.

*– Если при заполнении возникли вопросы, то заводчане могут обращаться с ними по телефонам 59-726 к Сакену Мусабаеву, 59-790 к Алие Избасовой, а также можете задать их мне по номеру 59-372. Главное – не подводите себя и не забудьте подать декларацию в указанные сроки,* – говорит Гульжан Бактыгереевна.

Официальную информацию о декларировании можно посмотреть на egov.kz/cms/ru/articles/property_declaration.

МОЛОДЫЕ СПЕЦИАЛИСТЫ

# Токарное дело Аслана

**Аслану ЖОЛДЫГАЛИЕВУ 30 лет. На завод пришел 12 лет назад, в 2011-м. Остался здесь. И нет, это не классический случай, когда просто прижился. Он токарь в РМЦ, один из 22-х. Но он особенный, потому что токарное дело пришлось по душе ему не с учебой и не в процессе работы, а гораздо раньше. В 5 лет. Тогда он пришел к своему деду и заявил: «я стану токарем!».**



Школу и колледж Аслан закончил успешно, по математике – всегда высший балл. Получил экономическое образование. Но быть экономистом молодому человеку не понравилось: год пытался встроиться в финансовый отдел мобильной группы Налогового комитета. Когда понял, что не это его призвание, пошел на коммерческое отделение профессионального училища №9 – учиться на токаря. В 18 лет пришел на завод, с тех пор токарит в РМЦ.

Увлеченно и детально Аслан рассказывает про свою самую обычную смену:

– Сначала инструктаж. По ТБ перед работой я визуально осматриваю станок, проверяю целостность заземления и измерительные инструменты, при необходимости их затачиваю. Затем получаю задание. Подробно изучаю чертеж, выданный мастером на расточку детали, выбираю подачу, устанавливаю необходимую скорость вращения шпинделя и приступаю к работе.

**– Волнуетесь, наверное, вдруг что-то пойдет не по чертежу? Вы когда-нибудь ошибались с параметрами при расточке?**

– Нет *(улыбается)*, я не испытываю волнений, люблю спокойный процесс. И пока не ошибался в расточке ни разу, очень не хочу, чтобы такое случилось. В ходе работы важно следовать чертежу особое значение здесь имеет размер: если он не соответствует заявленным требованиям, «палец» считается бракованным.

**– Сколько по времени у вас уходит на одну деталь и какое количество их вы изготавливаете в день?**

– Всё зависит от сложности заказа: за рабочую смену можно, например, расточить 4 фланца и изготовить 40 конусных пробок. На расточку сложных деталей уходит от 2-3 дней до недели. А вот шкив и шестерня для меня сложности уже давно не представляют – режим и градусы определяю глазомером.

**– Вы лучший токарь?**

– Есть у нас великолепные мастера-виртуозы, мне до их уровня еще надо над собой работать. В работе токаря есть ремесленная часть, она осваивается достаточно быстро. А есть искусство, и многие из 22 токарей в нашем цеху таким умением обладают. Сейчас к нам два новых парня пришли. Раньше они работали на компьютерных станках, которые необходимы при массовом производстве. Там они немного другие навыки приобрели – программирование, знание технологических карт, производство деталей по образцам, а теперь учатся работать на простом механическом станке. Работая на компьютерных станках, они были больше операторами, основную работу машина делает. Но каких бы высот ни достигли технологии, ручной труд токарей остается востребованным во всех сферах. Мы можем изготовить штучную деталь, нарезать резьбу, выточить запчасть по индивидуальному проекту. Мы как скорая помощь на производстве.

Работать в РМЦ интересно, рассказывает Аслан, все сотрудники – одна большая семья. Любые темы разговора поддержит коллектив, старший может дать простой житейский совет. Но особо важно, что проблемные рабочие вопросы токари решают сообща и часто помогают друг другу именно в работе.

**– Практически 12 лет вы работаете на одном месте. У вас нет желания поменять профессию?**

– Мой отец тоже токарь, мы работаем вместе. Вернее, он наш мастер, **Самат ТУКБАЕВ**. После работы папа ходил на дополнительный заработок и брал меня с собой. Я смотрел, как работает отец, и четко понимал весь процесс, который мне очень нравился. Когда он что-то делал в нашем гараже, я крутился у него под ногами, мешал бесконечными «что это?» и «для чего это?». Именно тогда, в детстве, интерес к механизмам, деталям, работе головой и руками сформировался. Первую деталь свою я изготовил в РМЦ, понес отцу показать, ждал его оценки. Отец осмотрел деталь внимательно, потом сказал: «Молодец, сын. Все получилось идеально, у тебя есть талант к токарному делу, учись и старайся не ошибаться никогда». И я стараюсь. В этом году я заканчиваю АУНиГ, учусь на инженера-механика. Преподаватели в университете приглашают меня проводить занятия, но я люблю именно свое дело, а дальше, после получения диплома, планирую работать по новой профессии. К слову, учится Аслан Жолдыгалиев на очном отделении – совмещает работу по сменам и учебу.

Есть у Аслана хобби: он админ в автосообществе Mitsubishi Club Atyrau. Свою «мицубу» купил в 2013-м и менять пока не собирается: знает, как свои 5 пальцев, разобрать, собрать, починить – всё сам. В клубе 57 участников, обсуждают машины и марки, их устройство, помогают друг другу с ремонтом авто, дружат с клубами любителей Mitsubishi из других городов Казахстана, часто выручают друг друга на республиканских дорогах, помогают путешественникам на Mitsubishi из других регионов, попавшим в трудную ситуацию у нас, в Атырау.

На вопрос, чем еще занимаетесь, Аслан ответил: дом строю для своей семьи. Оказалось, что Аслан уже 10 лет женат, супруга по образованию психолог. В семье растет пятеро детей!

Про семью рассказывает осторожно, нежно и тепло.

– *Домой захожу – все меня встречают. Всегда. С работы еду в магазин, покупаю кукурузу. Без неё домой не пустят*, – солнечные зайчики запрыгали в глазах молодого отца большого семейства.

Свой будущий дом, кстати, Аслан спроектировал и расчертил самостоятельно: всю инженерно-техническую начинку, от фундамента до конька крыши, от дизайна дома до дизайна интерьера.

Цели свои обозначил четко: учиться, работать, повышать квалификацию. Здесь, на заводе.

Скромный и обаятельный, умный современный парень, цельный и целеустремленный. Вопрос сам собой вырвался:

**– Папа, наверное, гордится вами?**

Тихо, почти шёпотом: «Да».

Закончили разговор, попрощались.

Аслан пошел к станку, ловко заточил резцы для изготовки деталей. Из-под резца зависились металлические стружки, заготовка в руках токаря постепенно превращалась в деталь.

Удачи тебе, молодой мастер!

СПОРТ

# Прицельный шар

**Сообщество заводчан – любителей бильярда организовало мини-турнир по дисциплине «Московская пирамида» с денежным призовым фондом. Турнир прошел в начале марта в бильярдном клубе «Ак Орда».**

Целью мероприятия один из организаторов, **инженер СПК Аслан ИЗМАГАМБЕТОВ**, назвал популяризацию бильярдного спорта и пропаганду здорового образа жизни, а также возрождение бильярдного спорта среди работников ТОО «АНПЗ».

В турнире приняли участие сотрудники АНПЗ: начальник службы производственного контроля (СПК) **Сабит РОЖИН**, Аслан Измагамбетов, инженер СПК **Багит ИМАНДОСОВ**, ведущий инженер отдела метролога **Александр СОН**, ведущий инженер по пожарной и газовой безопасности **Григорий ЗАРЖЕВСКИЙ**, аппаратчик ХВО ПТиЭЭ **Жаслан КУРМАНГАЛИЕВ**, техник по защите информации отдела корпоративной безопасности (ОКБ) **Ринат КАБИЕВ**.

Мини-турнир проходил в напряженной и захватывающей борьбе, все участники показали себя знатоками и мастерами игры.

В итоге I место занял Ж. Курмангалиев, II место досталось С. Рожину, III и IV места поделили между собой Б. Имандосов и А. Измагамбетов.

*– Ранее проводилось много подобных турниров, они были масштабными и массовыми. Такую традицию, как увлеченность любым видом спорта или хобби, нужно непременно сохранять и культивировать среди нефтепереработчиков*, – убежден Аслан.

Он рассказал также, что в прошлом году АО «ЭмбаМунайГаз» провело турнир среди нефтяных компаний Атырауской области, это было крупное мероприятие, в котором приняли участие в том числе сотрудники АНПЗ.

*– В современном мире поддержка увлеченности спортом, здоровым образом жизни – первоочередная задача. Имеющий полезное хобби человек полон сил, энергии, он более активен и эффективен на производстве. Во время соревнований, спартакиад специалистам из разных отделов и производств порой*



*удаётся создать прочные рабочие отношения именно в процессе участия в корпоративных спортивных состязаниях. Встречаясь в неформальной обстановке, люди проще знакомятся с коллегами, а массовые мероприятия позволяют узнать человека в первую очередь как личность, а в работе повышается уровень взаимовыручки и взаимопомощи*, – считают заводские любители бильярда и надеются, что в этом году наше предприятие сможет организовать турнир, например, ко Дню работников нефтегазовой отрасли.

«НОВАТОР» басылымы №7.
7 сәуір 2023 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1
тел.: 8 (7122) 25-95-84

**Газет «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.**
Орал қ., Л. Толстова к-сі, 27/6
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс №7

**БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ басшысы – Ш.Какимжанова.
MEDYAGROUP ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
Редакторлар – И.Козонова, А.Қанатаева.
Суретке түсіруші - Б. Амантаев.**

**Газет
Қазақстан Республикасының баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде 1992 жылғы 27 мамырда тіркеліп, тіркеу туралы №790 куәлігі берілген**

**Газет редакциясы жарнама материалдары мен хабарландырулар, құттықтаулар және көңіл айту мазмұнына жауап бермейді.**
НОВАТОР